



ТЕХНОЛОГИЯ • БІЛІМ • БОЛАШАҚ

TECHDAMU

MICROSOFT: ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ
ДӘУІРІНДЕГІ ТЕХНОЛОГИЯ

№02

ШЫҒАРЫЛЫМ

2026

АЛМАТЫ



MICROSOFT: ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ ТЕХНОЛОГИЯ

01	MICROSOFT XXI ғасырда	03
	Компанияның жаңа дәуірдегі рөлі мен стратегиясы	

02	MICROSOFT 2000-жылдардағы маңызды трендтерді қалай өткізіп алды?	04
	Өткізілген мүмкіндіктер мен алынған сабақтар	

03	Неліктен Сатья Наделла Microsoft басшысы болды?	05
	Көшбасшылықтың жаңа бағыты	

04	Microsoft пен OpenAI серіктестігі	06
	Жасанды интеллект дәуіріндегі стратегиялық одақ	

05	OpenAI Microsoft-ты қалай өзгертті?.....	07
	AI трансформациясы және болашаққа жол	



MICROSOFT

XXI ҒАСЫРДА

1975 жылы құрылған Microsoft компаниясы Windows пен Office бағдарламаларының арқасында тез танымал болды.

1990-жылдардың ортасында компания Internet Explorer браузерін шығарып, сол кездегі ең танымал браузер Netscape-пен бәсекеге түсті.

Microsoft Windows жүйесін әлем бойынша миллиондаған компьютерлер қолданғандықтан, Internet Explorer браузері де кең тарала бастады. Осылайша компания интернет технологиялары нарығында өз ықпалын күшейтті.

XXI ғасырдың басында Microsoft әлемдегі ең ірі және ең ықпалды технологиялық компаниялардың бірі болды.

“Microsoft-тың ықпалы соншалықты үлкен болғандықтан, оған ұқсас ұйымды табу үшін Рим империясы дәуіріне дейін оралу керек.”

— **Майкл Мориц**
1996 жыл

Microsoft 2000-жылдардағы маңызды трендтерді қалай өткізіп алды?

2000 жылы Microsoft әлемдегі ең ірі технологиялық компаниялардың бірі болды. Бірақ дәл осы кезеңде компанияның дамуы баяулай бастады. Бұған бірнеше себеп әсер етті.



1998 жылғы сот ісі

Сот ісінен кейін Microsoft жаңа идеяларды сынаудан гөрі, өз өнімдерін қорғауға көбірек көңіл бөлді. Сот ісінен кейін Microsoft тәуекел деңгейі жоғары жобаларға сақтықпен қарай бастады.

Өткізіп алған технологиялық трендтер

iPhone (2007)
Жаңа мобильді дәуірдің басталуы.
Chrome (2008)
Internet Explorer көшбасшылығының әлсіреуі.
Android (2008)
Microsoft мобильді нарықта артта қалды.

Басшылық пен стратегия

Стив Балмер кезеңінде Microsoft Windows жүйесіне басымдық берді. Алайда 2010-жылы оның нарықтағы ықпалы әлсірей бастады.

2000

Нарық
көшбасшысы

2010

Баяулау
кезеңі

2013

Басшылық
ауысты

2014

Қайта
өрлеу

Неліктен Сатья Наделла Microsoft басшысы болды?

2013 жылы **Стив Балмер** қызметінен кеткеннен кейін Microsoft жаңа бас директор іздей бастады.

Компанияның болашағы туралы ерекше көзқарас ұсынған **Сатья Наделла** таңдалды.



Таңдауға әсер еткен факторлар

- 01 |** Компания ішінде 20 жылдан астам тәжірибе
1992 жылдан бастап Microsoft-та жұмыс істеп, компания мәдениетін терең түсінді.
Наделла Microsoft-та бас директор болғанға дейін 22 жыл жұмыс істеді.
- 02 |** Azure бағытын басқару тәжірибесі
Бұлттық платформаны дамыту арқылы Microsoft-тың жаңа нарықтағы позициясын күшейтті.
Компанияны AI бағытына дамыту жоспарын ұсынды.
- 03 |** Компанияның болашағына жаңа көзқарас ұсынды
Өсу мәдениеті, инновация және жасанды интеллектке басымдық берді.

“

«Microsoft бәрін білетін компаниядан, үнемі үйренетін компанияға айналуы керек.»

— **Сатья Наделла**
Microsoft бас директоры

Microsoft пен OpenAI серіктестігі

2019 жылы Microsoft OpenAI ұйымына 1 миллиард доллар инвестиция салды. Бұл серіктестік компанияның жасанды интеллект саласындағы стратегиясын күшейтуге мүмкіндік берді.



| Сэм Альтман және Сатья Наделла

Microsoft үшін артықшылықтары

OpenAI технологиялары жасанды интеллект саласын күшейтті.

OpenAI модельдері Azure бұлттық платформасында жұмыс істейді.

Жаңа өнімдер мен мүмкіндіктердің пайда болды.



| Кевин Скотт, Microsoft-тың бас технологиялық директоры

Негізгі кезеңдер

2018

Алғашқы кездесу

Сатья Наделла мен Сэм Альтман алғаш рет кездесті.

2019

Инвестиция

Microsoft OpenAI ұйымына 1 миллиард доллар инвестиция салды.

2022

ChatGPT серпілісі

ChatGPT жаһандық деңгейде танылып, миллиондаған қолданушыларға жетті.

2025

Стратегиялық серіктестік

Microsoft OpenAI технологияларын негізгі өнімдеріне кеңінен енгізді.

OpenAI Microsoft-ты қалай өзгертті?

2020 • GPT-3 таныстырылды

OpenAI GPT-3 моделін таныстырды. Оның код жаза алатыны анықталғаннан кейін Microsoft бұл технологияны GitHub платформасына енгізу мүмкіндігін көрді.

2021 • GitHub Copilot іске қосылды

Бұл құрал код жазуда көмектесетін алғашқы кең таралған AI шешімдерінің біріне айналды.

2022 • ChatGPT серпілісі

Microsoft GPT-4 технологиясын өз өнімдеріне енгізуге дайындала бастады.

2023 • Copilot интеграциясы

GPT-4 негізіндегі Copilot жүйесі Bing, Windows және Microsoft Office өнімдеріне енгізілді.

2024 • Стратегиялық көшбасшылық

OpenAI-мен серіктестік Microsoft үшін стратегиялық шешімге айналды.



Microsoft өнімдері



Azure



Windows



GitHub




Bing



Microsoft 365
copilot

TECHDAMU

Технология • Инновация • Болашақ



РЕДАКТОРЛАР

Молдажан Айдана
Абдіғаппар Мөлдір



WEB
<http://galym.org>



Email
galymorg@gmail.com



Instagram
[@galym_org](https://www.instagram.com/galym_org)

№02
ШЫҒАРЫЛЫМ

2026

АЛМАТЫ
ҚАЗАҚСТАН